

Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы

Жаһандандудың әлеуметтік салдары

Тексерген:Сегизбаева Ж.У

Орындаған:Полатова З

Факультет:Стоматология

Топ:15-003-02

Жоспар

- 1 Жаһандану туралы түсінік
- 2 Жаһанданудың тарихы
3. Жаһанданудың түрлері
4. Қазақстандағы жаһандану процесі
5. Қорытынды
6. Пайдаланылған әдебиеттер



Жаһандану (ағылш. Global — «әлемдік», «дүниежүзілік», «жалпы») — жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі. "Жаһандану" бүкіл жер жүзінде жайылу, таралу деген мағынаны да, әлемдік елдердің біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру екпініне ілесу дегенді де білдіреді.





Жаһандану – адамзатпен бірге келе жатқан үрдіс. Айтылуы, аталуы жаңаша болып көрінгенімен, оның түп тамыры ежелгі тарих қойнауында жатқандығын байқауға болады. Кезінде Шыңғыс хан, Атилла (Еділ), Македониялық Ескендір деген тарихи тұлғалар жер-дүниенің бәрін жаулап алып, өз үстемдігін жүргізіп, ортақ тілді, құндылықтарды әлемге таратпақшы болған. Демек, жаһандану тарихта бұрын да көрініс тапқан.



- Терминді ғылыми айналымға алғаш рет 1983 жылы енгізген америкалық экономист Теодор Левитт. Жаһанданудың жаңа сатысының түрлі аспектілерін 20 ғасырдың ортасынан бастап Уолт Ростоу, Дэниел Белл, Алвин Тофлер, Питер Дракер, Джон Нейсбитт, Лестер Туроу зерделеді. Олар ғылымға “интеллектуалдық индустриялар экономикасы”, “ақпараттық қоғам”, “техн

Жаһанданудың негізгі құрамдас бөліктері :

Мәдени

Экономикалық

Аумақтық

Ақпараттық-
коммуникациялық

Этникалық

- 1) “менталдық” немесе мәдени Жаһандану — дәстүрлердің, діндердің, мәдениеттер мен идеологиялардың “ұқсастануының” кешендік үрдісі. Қазіргі таңда бүкіл әлем, негізінен, 6 жаһандық діни жүйеге (христиандық, ислам, иудаизм, индуизм, буддизм, конфуцийшілдік) бөлінеді. Адамзаттық мәдени құндылықтар ортақтығының күшею үрдісі “менталдық” Жаһанданудың бір көрінісі болып табылады.
- 2) экономикалық жаһандану екі үрдістің жиынтығын — рыноктардың жаһандануын (капиталдық, еңбек ресурстарының, тауарлардың және қызмет көрсетулердің) және экономикалық нысандардың жаһандануын білдіреді және экономиканың ұйымдық құрылымдарының — компаниялардың, фирмалардың, корпорациялардың іріленуімен түсіндіріледі.
- 3)) аумақтық Жаһандану — мемлекетаралық құрылымдардың күшею үрдісі. Мемлекетаралық экономикалық және әскери-саяси одақтар Жаһанданудың барынша жоғары деңгейдегі мәнін көрсетеді. Бұл ретте Жаһандану нәтижесінде болашақта ұлттық мемлекеттерге немесе басқа да аумақтық құрылымдарға бөлінбейтін біртұтас өркениет құрылуы мүмкін деген болжам айтылады.

4) ақпараттық-коммуникациялық Жаһандану — қазіргі заманғы интеграциялық үрдістердің ішінде аса ықпалдысы. Оған: коммуникациялық мүмкіндіктерді дамыту және ғарыштық кеңістікті ақпарат беру үшін пайдалану; жаһандық ақпарат желілерінің пайда болуы және тез дамуы; адамзат тұрмысындағы көптеген үрдістердің компьютерлендірілуі жатады. Сонымен қатар, келешекте екі бағыттағы ғарыштық жүйелерді басымдылықпен дамыту; байланыстырудың жеке жүйесі мен жаһандық позицияланудың дамуы; ақпараттық коммуникациялық кешендердің негізінде бизнесті, өндірістік үрдістер мен үй шаруаларын басқарудың жаһандық жүйесін құру; өмір сүру үрдістерінің мейлінше үлкен бөлігін компьютерлендіру мен роботтау жүреді;

5) этникалық Жаһандану негізгі екі үрдістен тұрады — планета халқының санының өсуі және әр түрлі этникалық топтардың өзара ассимиляциясы. Жаһанданудың жағымды нәтижелеріне мыналар жатады: неғұрлым жылдамырақ экономикалық даму, өмір деңгейінің жоғарылауы

Жаһандану айбаттары

Дамушы елдер үшін жаһандану процесі тудыратын мәселелер мен қауіп-қатерлер. Жаһандану процестері әртүрлі әлеуметтік және экономикалық даму деңгейіндегі дамушы елдерге және халықтарға алуан түрлі әсер етеді. Дамушы елдерге жаһандану дамуға жаңа мүмкіндіктер ашып, жағдай жасайды. Сонымен қатар, осы елдер үшін аса үлкен қиындықтар да туғызады. Мысалы, дамыған елдермен салыстырғанда, дамушы елдердің артта қалу деңгейі күн санап арта түседі. Ғаламдық нарықтық экономикаға ену үшін дамушы елдерден өз әлеуметтік-экономикалық құрылымын түбегейлі өзгертіп, бар күшжігерін салуын талап етеді. Халықаралық нарық толығымен көпұлтты компаниялардың және дамыған постиндустриалды елдердің "ойын ережелеріне" бағынады. Дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуы, ғылым, техника және технологиялар деңгейі әзірге өте төмен, ал бұл өз кезегінде олардың дамыған елдермен қатар бір деңгейде әлемдік нарықта бәсекеге түсуге мүмкіндік бермейді. Дамушы елдердің алдында әлемдік ғаламданушы экономикаға кірігу міндеті тұр. Ал, екінші жағынан олар дамыған елдерге тәуелді болудан қашады.



Лев Гумилев шығармашылығына арналған халықаралық конференцияда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жаһандануға қатысты пікірлерін білдірткен. Оның айтуынша, соңғы он жылдықта әлемде күрделі өзгерістер болып, жаһандану үрдісі күшейе түсті. Ал, Еуразиялық елдер ықпалдастығы - жаһандану сынақтарына берілетін жауап бола алады. Философия ғылымының кандидаты Мұртаза Бұлтайдың ойынша, Еуропа мемлекеттері қосылып жатқан шақта Қазақстанға жаһанданудан қашпау керек.

Ел Президентінің халыққа арнаған «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы» Жолдауында айтылғандай: «демократиялық және дамыған мемлекеттерді құрудың жалпы заңдылықтарын ескерумен қатар, біздің қоғамымыздың маңызды тарихи – мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлерін қаперден шығармағанымыз дұрыс».

Қазақстан Республикасы Президентінің бүгінгі таңдағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауы, елбасының өзге де баяндамалары секілді қазақстан қоғамын модернизациялау процесі барысындағы жүйелі және дәйекті тәсілдерімен ерекшеленеді және бірінші кезекте, «Қазақстан – 2050» Жолдауында айқындалған мемлекет дамуының стратегиялық бағытын толықтырады.

Өзіміздің алдымызға стратегиялық міндет - таяудағы 10 жылда елімізді әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына шығару міндетін қоя отырып, біз ғылым мен технологияларды дамытудың, білім беруді дамытудың жаһандық үрдістерін жіті назарда ұстауға тиіспіз.

Бұл үрдістер қандай екен?

Білім беру саласындағы жаһандану да бірқатар үрдістерімен сипатталады. Білім ақпараттық қоғамда құнның негізгі көзіне айналып барады.

Қазақстанға индустриямен тығыз байланысты, қуатты білім беру, зерттеу және ғылыми-өндірістік кешендер болып табылатын элиталық университеттер қажет. Осы тәжірибені ескере отырып, Астанада халықаралық деңгейдегі жаңа университет құру туралы шешім қабылданды. Уақыт өте келе Алматыда да жаңа университет құру жоспары бар. Елдің осындай деңгейге көтерілуге қабілетті қазіргі бар аса университеттердің әлеуетін зерттеу керек. Біздің университеттердің құрылымында химия, физика, химиялық технология, экономика саласындағы жоғарғы білікті мамандар болуы тиіс. Мамандардың осындай болуына байланысы Массачусетс, Калифорния және Токио институттарының әлемдегі үздік институттарға айналуына мүмкіндік берді.

Білімді, салауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші.



ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛДАРЫ

Жаһандануды жалпы әлеуметтік мәселе ретінде зерттеу және оны мынадай жаһандану феноменін терең түсінуде жатыр. Егерде микро әлеуметтануды алсақ және макроәлеуметтану арасындағы шартты айырмашылықтар деңгейіне және адами өмір қызметін қарастыру басымдық емес, тек осы жағдайда ғана жаһандану динамикасы зерттеуге жатады. Бірақ практикада жаһандану феноменіне бір өлшемді қадау жиі ұшырайды. ХХ ғасырдың соңының бір ерекшелігін жаһанданудың көлемінен, масштабынан және тереңдігінен тұрады деу дұрыс емес. Бүгінгі күн жаһандану мәдени сипат алғанымен өзінің әлеуметтік рөлін жоғалтады. Қоғам, мәдениет және индивидтер арасындағы шекара бірте-бірте жойылады. Егерде кейбір мемлекеттерде, жаһанданудың арасында, мемлекеттің күші артса, ал басқа мемлекеттерде ол баяулатушы фактор болып отыр. Жаһанданудың каметалистік жүйе әлем елдері ауыр міндеттер қойды және оларды тәуелсіздігін көрсетті. Байлар мен кедейлердің арасындағы алшақтық күн өткен сайын ашылып келеді.

Research globalization as social problem comes from understanding of globalization. However in practice globalization is examined only in one of variants. To date globalization carries informative and cultural character , losing character of social actions. At the same time, borders are presently lost between public, culture and individuals. Due to the process of globalization of force and power of some states spinups , and in other countries he is examined as a braking factor. To date, with the globalization in information and cultural nature, losing its role of social action. The boundaries between society , culture and individuals are gradually disappearing. While in some countries , due to globalization, increased power of the state, while in other countries it is sagging factor. The global capitalist system is put in front of the world no easy task, and showed them unequal. The gap between the rich and the poor opens up every day.

Қорытынды

Қазіргі таңда еліміз өтпелі кезеңде тұр, яғни дамушы елден дамыған елдер тізіміне кіреміз. Сол себепті Қазақстан үшін Жаһанданудың пайдасы зор деп түсінемін. Әрине барлық нәрсенің жақсы және жаман тұстары болады. Оның күшті тұстарын айтатын болсақ, ең бірінші технологиялық теңсіздікті жояды. 21 ғасырда сан түрлі технологияларсыз өмірді елестету қиын, шет елдерден келетін технологияларды өзіміз меңгеріп, тілін үйреніп алуымыз тиіс. Екіншіден, сауда-саттық, сыртқы ақша, тауар айналымдары жалпы айтқанда халықаралық экономикалық қатынастар күшейе түседі. Үшіншіден, дүние жүзі бойынша ақпарат алмасу өрбиді, қазірде кім ақпаратты иеленсе сол әлемді билейді. Жаһанданудың елге тигізер кері әсерлері де бар. Терроризм, діни экстремизм, нашақорлық ең бірінші қазақ халқының мәдениетінің бұзылуына септігін тигізеді. Қазақ халқы соның бәріне төтеп беретін болса, ел даму барысында бір саты жоғарылайды. Ең бастысы біздің мақсатымыз жаһандануға ұлт ретінде жұтылып кетпеуді ерекше есте ұстауымыз қажет. Жұтылмас үшін бізге тек жалқаулықтан арылып, аз ұйықтап, жан-жақты білім алып, көп тілді меңгеруге ұмтылу қажет. Жаңа технологияны шетелдіктер емес өзіміздің қара көз қазақтар меңгеруі қажет. Бірақ олардан тек үйренуден қашпау керек. Жаһанданудың жақсы жағын алып, жаман жағынан алыс болғаныңыз жөн.

ПАЙДАНАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Актуальные вопросы глобализаций.// Миорвая экономика и международные отношения. 1999.- 4,5. 2.Азорянц Э.А. Глобализация как науычная проблема // Полигнозис. 2000.- 4.-с.106 3. Сильвестров С. Глобальная модернизация: последствия для человека и общества // Общество и экономика.200.- 5-6.-С.2274 4.Сорж Дж. Открытое общество. Реформируя глобальный капитализм. – М.,2001.-с.20-21. 5. Сильвестров С. Глобальня модернизация: последствия для человека и общества // Общество и эконмика. 2000.-05-6.- С.223.